

**"Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру шарттарын айқындау және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандығы N 110 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 733 Қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "2006 жылға арналған респубикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес 010 "Тоқыма өнеркәсібі" пилоттық кластері шеңберінде қоза өсіру, тоқыма және тігін өнеркәсібін дамыту үшін "Қазақстан Даму Банкі" АҚ арқылы техникалар мен жабдықтар лизингін ұйымдастыру" бюджеттік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) бойынша "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - қарыз алушы) 5080000000 (бес миллиард сексен миллион) теңге сомасында бюджеттік кредит (бұдан әрі - кредит) берілсін.

2. Қарыз алушыға кредит берудің мынадай шарттары белгіленсін:

1) кредит қарыз алушыға жылдық 0,4 (нөл бүтін оннан төрт) пайызға тең сыйақы ставкасы бойынша 15 (он бес) жыл мерзімге мерзімдік, ақылық және қайтарымдылық шарттарында **б е р і л е д і ;**

2) кредит берудің мақсаты қозаны өсіру мен тоқыма және тігін өнеркәсібін дамыту кезінде қаржы лизингінің қорландыру құнын төмендету үшін оның кредиттік ресурстарын толықтыру есебінен қарыз алушының инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту болып табылады. Бұл ретте ауыл шаруашылығы техникасының лизингін қорландыру кредит қаражаты есебінен толық көлемде жүргізіледі, тоқыма және тігін өнеркәсібін дамыту үшін жабдықтар лизингін қорландыру инвестиациялық жобаларға кредит беру ставкаларын төмендету үшін қарыз алушы белгілеген тәртіппен **ж ү р г і з і л е д і ;**

3) кредит шартының тараптары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі (бұдан әрі - кредит беруші), Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрлігі (бұдан әрі - әкімші) және қарыз алушы болып табылады;

4) кредит бойынша негізгі борышты өтеуді қарыз алушы осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген мерзімнің соңында бір уақытта жүзеге асырады;

5) кредит бойынша есептелген сыйақы төлемі жарты жылдық кезеңділікпен жүзеге асырылады. Есептелген сыйақының бірінші төлемі кредитті игерген күннен бастап 6 (алты) **а й      ө т к е н      со н      ж ү р г і з і л е д і ;**

6) респубикалық бюджеттен кредит бөлуді кредит беруші әкімші өтінімнің негізінде кредит сомасын әкімшінің шотынан қарыз алушының корреспонденттік шотына бір уақытта аудару жолымен жүзеге асырады;

- 7) кредит әкімшінің шотынан қаражат алынған сәттен бастап игерілді деп саналады;
- 8) кредит оның лизингтік қызметін қаржыландыру мақсатында қарыз нысанында "ҚДБ-Лизинг" акционерлік қоғамына қаражат беру үшін ғана пайдаланылады.

3. Кредит беруші заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 2-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген кредит шартын жасауды қамтамасыз етсін.

4. Кредиттің игерілуін, мақсатты пайдаланылуын, республикалық бюджетке уақтылы және толық өтелуін бақылауды кредит беруші және әкімші жүзеге асырады.

5. (*Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.20. N 225 (2007 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен*.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК